



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қоғамдық адамның көркем шығармадағы бейнесі болып табылады.

Тарихи роман жайдан-жай жазылмайды. Өзі дүниеге келген уақыт зәрулігіне бұл жанр да қызмет етпек. Және қызметі бүгінгі заман тақырыбына жазылған шығармадан кем соқпауы тиіс.

Тарихи роман жазатын қаламгер белгілі бір кезеңге назар аудара отырып, оның бүкіл болмысын хатқа түскен шындық, құжаттар мен фактілер арқылы ашады. Сондықтан тарихи шығармада тарихи факт көркем бейнелеудің негізгі өзегі болып табылады.

Тарихи тақырыпқа бару, яғни өткенге көз салу, сол өткенді айыптауға болмайтын жайларды айтуға талпыныс – уақыт талабынан туындайтын құбылыс. Тарих – адамның әлеуметтік тірлігінің сорабы. Адам – әрі тірліктің субъектісі, әрі тарихи танымының субъектісі. Халықтың бірден бір қаруы, паспорты оның терең тарихы мен дәстүрі. Ал оның жаһанға танылуына еркекше ықпал ететін күш – әдебиеті. Осы тұста проза жанырының, романның атқарар рөлі зор. Тарихи туындылардың әлем тілдеріне аударылып, таралуы ел әдебиетінің өміршеңдігіне орасан зор ықпал етері даусыз.

Қорыта келгенде, әдебиетіміздегі тәуелсіздік дәуірінде жазылған проза жанырының, соның ішінде тарихи романдарымыздың бүгінгі бет алысы әлемдік аренада да өзінің тәуелсіз, биік рухын таныта аларлық деңгейде қарыштап келеді.

Қолданылған әдебиет

1. А. Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш». «Жазушы» баспасы, 1989.
2. Елеуқенов Ш. «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде», - Алматы: Алатау, 2006
3. Төреуұлы К. «Қазіргі прозаның тілі туралы» /Керуен 03(16)-2009.
4. Д.Ысқақұлы. Жахандану жағдайындағы әдебиет. 2007.1том
5. «Оқу және тәрбие мәселелері» газеті
6. Ш. Елеуқенов. « Әдебиет тәуелсіздік қаруы» Ал 2009.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-том. – Алматы: Ғылым, 2004.
8. Қ.Алпысбаев. «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік» - Алматы. 2008ж.

ОӘК 821.512.122-13.09

I. ЕСЕНБЕРЛИН ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ. («АЙША», «СҰЛТАН» ПОЭМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аксакова Куралай Рашитовна

Kira03-94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Филология: қазақ тілі мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р. Тұрысбек

«Батыр» деген кім? Батыр деген – елін қорғаған жауынгер, шайқаста кан төккен қаһарман, көкірегін отқа төсеген ер емес пе?! Абай атамыз: «Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені» деген екен. Науша Қашағанов: «Батыр деген жарқ-жүрқ еткен бір алмас», - деп жырлады. Ал, Ілияс Есенберлин батырларды қалай жырлаған екен?! Өзімізге белгілі, сөз зергері, зерделі ғалым – Ілияс Есенберлин ең алғаш поэма жанрында қалам тартты. Бізге оның 1945 жылдары жарық көрген «Айша» мен «Сұлтан» поэмалары мәлім. Бұл поэмаларда ҰОС-ның жауынгерлері, аты аңызға айналған Мәншүк, Сырым, Сұлтан сынды батырлардың ерлігі арқау болған.

«Айша» поэмасында еліміздің батыр қызы Мәншүктің бейнесі сомдалған. Автордың өзі бұл дастаның «қазақтың әйгілі қызы, Советтер Одағының Батыры Мәншүк Мәметоваға арнаймын» деп жазып кеткен.

Мәншүк ерлігін насихаттау үшін басқа ақын-жазушыларымыз да қалам тартты. Атап айтсақ, М. Хәкімжанованың «Мәншүк» поэмасы, Т. Бердияровтың «Мәншүк туралы дастаны», т.б. Бұл дастандардың көбінде сұрапыл соғыс жылдары Мәншүктің майдандағы қаһармандық іс-әрекеттері басым орын алады, ал І. Есенберлиннің поэмасында оқиғалар Айша мен Сырым арасындағы махаббаты арқылы өріледі. Яғни, поэмада айқын көрініс табатын нәрсе: екі жастың махаббаты мен соғыс.

«Сұлтан» поэмасында да қос ғашық сезімі, Отан алдындағы парыз үлкен орын алады.

М. Жапанова өзінің кандидаттық диссертациясында «Айша» поэмасы жайында: «Айша мен Сырым жеке қасиеттері мен рухани құндылықтары арқасында фашизм түрінде көрініс берген зұлымдылықпен батыл күресуге тайсалмай қарсы шығады»[2, 10],-деді.

Екі дастанда да Айша, Сырым, Сұлтанның майдандағы ерлік істері, Отан алдындағы борышы, патриоттық рухы көрініс табады.

Соғыс басталмас бұрын басты кейіпкерлер Айша мен Сырымның, Сұлтан мен Ақторғынның бір-біріне ғашық боп жүрген алансыз күндері суреттеледі. Сырым сегіз қырлы, бір сырлы, он саусағынан өнері тамған жігіттің бірі боп сипатталады. Ал Сұлтан – сіңлісімен бірге жетімдіктің қасіретін көріп өскен кейіпкер. Сұм соғыс басты қаһармандардың тағдырларына зауал келтірмей қоймайды. Енді жырда соғыс жылдарындағы басты кейіпкерлердің батырлық тұлғасы қалай көрінетініне тоқталайық.

Соғысқа аттанған Сырым мен Сұлтан алғашқы күндерінен-ақ қорқыныш пен үрей дегенді ұмытқан, тұла бойын ар мен намыс, жауға деген кек пен ашу билеген өжет, өршіл батыр ретінде танылады.

Осылардың арасында болатын-

Алматыдан келген қайсар жолбарыс

Қарамайтын жауып тұрған от-оққа,

Батылдығы ілінді сан атаққа

Жатыр, эне, автоматын құшақтап,

Жатыр эне,

Жатыр Сырым окопта[1, 24]- деген жыр жолдарынан Сырым бейнесі ашылады.

Ал Сұлтанның батыр тұлғасы келесі жыр жолдары арқылы беріледі:

Сылқ түсті, ұстай фашист көкірегін,

Алды енді Сұлтан мұны көріп демін.

«Бір өшім қайтты!- деді айқай салып,

Күлді ол, күлді енді емін-еркін![1, 70]

Автор қан майданда жүрген Сырымның бәрінен бұрын елінің азаттығын бірінші орынға қоятынын, ажал тұтса да қаймықпас батылдылығын таныту үшін өзіне сөйлетеді. Автор бас қаһарман Сырымды қанды ауыз қасқырға, намысты бермейтін барысқа, айбатты арыстанға теңеп, оның ерлігін, айбынды күшін образды түрде аша түседі:

Сен женесің қорықпасаң ажалдан

Қасқырларға қасқыр болсаң қанды ауыз.

Өлсең-дағы қолдан бермей намысты,

Барыс болып жеңу керек барысты[1, 30].

Сырым жау тылында жараланса да, қансыраса да, жанының мұқалмаған беріктігі арқасында ажалды да жеңіп шығады, себебі оның елім деп дүрсілдеген жүрегі ешқашан берілмейді. Поэмада ол оң қолына жарақат алған шағында бойындағы бүкіл күш жігерін, қайратын қаһарлана жиып алып, көз алдына көрінген жалғыз танкке соңғы гранатасын сермеп өрттейді. Бұл – нағыз батыр тұлғасы.

Аз-ақ қалды ақыруға ышқынып,

Өзін-өзі ұстады әрең күш қылып[1, 37],-

дегенде жүректегі буырқанған ашу мен қазандай қайнаған кектің ызасын ақылмен сөндірген Сырымның тағатсыздықта бой бермейтін төзімділігін байқаймыз.

«Қырағының өзі де, көзі де батыр» дегендей, «Сұлтан» поэмасының өзі аттас басты қаһарманның фашистермен шайқасында терең білімі, алғырлығы танылады.

Сәл тыныш бүгін майдан – күллі дозақ,
Қарға еніп Сұлтан жатты күтіп ұзақ .
Біледі ол фашистердің мінез-құлқын,
Сабырын бармайтұғын көпке ұзап[1, 69].

Бұл өлең жолдарынан соғыста жауды қырудың, одан айласын асырудың әдісін жетік меңгерген шебер жауынгердің тұлғасы елестейді.

Айша да – нағыз батырлық иесі. Алғашқы жыр жолдарында біз құмырсқа бел, оймақ ауыз, қыр мұрынды нәзік Айшамен танысамыз. Автор ержүрек қызды алғаш сипаттағанда, көз алдымызға қазақ қызына тән асыл қасиеттердің барлығын бойына сіңірген ибалы, инабатты сұлу жан бейнесі елестейді:

Әрі нәзік,
Әрі сондай өр еді,
Менсінбесе –
Мініңді тез көреді...
Қалдырса да көңіліңді қанша рет,
Қарай бергің,
Қарай бергің келеді!..[1, 20]

Бұған қоса оның бойынан ерге тән батылдық, жігер мен қайрат табылады. Сырым өлімі туралы суық хабарды есіткенде, жүрегінің дертіне шалдығып өкінішпен өртенбеді, өзін-өзі жұбата білді. Осылайша Айшаның бойынан туа біткен салмақтылық пен бекемділікті, жігер мен өжеттікті көреміз. Келесі жыр жолдары бұны дәлелдей түседі:

Ол айтады:
Бақытыңды күт дейді!
Бір қуаныш өлшем емес өмірге,
Өмір және бір қайғыменен бітпейді[1, 29].

Бұл жолдардан-ақ өзінің қайғысын батылдылыққа жеңдіре білген Айшаның өр мінезі байқалады.

Келесі кезекте автор алапат соғыстың ортасында жүрген Айшаны жырлайды. Ол өзінің бсты парызы шайқасқа жолбарыстай тайсалмай ұмтылу деп санайды. Бұл - екінің- бірінің қолынан келмейтін батырлық:

Бола білді
Қыз да енді қатулы,
Қар жамылып, мұз төстеніп жатуды
Үйренді ол.
Үйренді ол және де
Станковой пулеметті атуды[1, 34].

Айша алған бетінен қайтпайтын, қиындықтан тартынбайтын, қаймығуды білмейтін, Отан үшін отқа да түсетін өжет қыз ретінде суреттеледі.

Тіс батпайтын қатты жаңғақ екенін
Көп кешікпей жігіттер де түсінді[1, 33].

Сырымның жүрегі елім деп қалай дүрсілдесе, Айша да солай. Кеңес Одағының Батыры, Ұлы Отан Соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, белгілі қаламгер Б. Момышұлы: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» деген екен. Шынымен-ақ, бұл - әрбір патриот жауынгерге тән қасиет. І. Есенберлиннің өзі де – соғысқа қатысқан солдаттардың бірі. Айша бейнесін толықтыру үшін оның бойына бұл қасиетті енгізеді. Жыр бойында сұсты қатарлары дажал тісінен аумайтын, оттай тұтанып лек-лек болып келе жатқан жауға совет солдаттары аттанған тұста Айшаның елім деп соққан өр мінезді бейнесі суреттеледі:

Тұрғызбастан осы күйі лап қойса,
Қалай тірі қалар бұлар? Қалайша?
Отан үшін!..-

Деп сол кезде

Пулеметтен ажал отын төкті Айша[1, 40].

Айша бұл шайқаста жерімді қорғаймын деп жараланады. Бірақ оның жүрегінде лапылдап тұрған отты рух оны жеңілдірмейді.

Жыр бойында батырлық қан майданындағы сапын түзеген жауынгерлер арқылы да танылады:

Көтерілді енді қызыл қалың қол,

Жел өршіткен өрт секілді лапылдап[1, 40].

Олар елі мен жері, атамекені үшін жандарын аямай фашистермен кескілесіп шабуылдасты.

Сұм фашистер бірі өлсе,

Бірі өлмей

Ұмтылды!..

Қас батырлар қалай да –

Қасарысып,

Қойды ілгері жібермей[1, 24],-

деп жыр бойында автор қанды шайқастың шындық бейнесін көрсетіп, жауынгерлердің тылдағы жанқиярлық еңбегін ғажайып поэтикалық творчествасымен бейнелейді.

Адамдар да түрлі ұлттан құралған –

Бір-ақ тілек,

Бір-ақ мұрат,

Бір арман:

Фашист күнің қараң етіп-

Тездету жеңіс күнің[1, 27]!-

деп, автор соғыстағы ерлердің күш-қуаты көп ұлтты совет халқының мызғымас бірлігінде жатқанын көрсетеді.

І. Есенберлин батырлықтың тек қолға қару алып жауға қарсы аттануы ғана емес, сонымен қатар өне бойға біткен шексіз төзімділік пен өрлік, тылдағы әр минутта қыл үстінде тұрған өмірге мойынсұнушылық пен байсалдылық екенін жырлайды.

Неге ақын махаббат пен соғысты егіз жырлады дейсіңдер, себебі автор қаһармандыққа бастайтын күштің махаббат екенін көре білді. Оны жыр жолдарында да бізге аңғартады. «Сұлтан» поэмасының соңғы тармақтарына назар аударайық:

Ерлік не: Күш емес ол тастай берік

Батырлық о да емес сөзсіз ерлік.

Туады ерлік арман, өрт сезімнен

Жаралып махаббаттай көзсіз келіп![1, 74]

«Айша» мен «Сұлтан» дастандарының соңы өздері аттас басты қаһармандарының қанды шайқаста қаза табуымен аяқталады. Жойқын соғыста жауынгерлердің қаза табуы рухани жеңістің бастауы болды. Майдангерлердің ажал құшуы Ұлы Жеңісті жетеледі. Біз бұл жыр арқылы батырларымыздың Ұлы Жеңіс үшін арыстандай арпалысып, қасық қаны қалғанша шайқасқанына куә болдық. Автор батырларымыз қаза болса да, ерліктері қаза болмайтынына, мәңгілік еліміздің жүрегінде сақталатынына, болашақ жастарға өнеге болатынына сеніммен қарайды.

Қолданылған әдебиет

1. Есенберлин І. Он томдық шығармалар..Т.10:.. Дастандар..-1988. 14-76 бб..
2. Жапанова, М.Е. Конфликт и характер в произведениях Ильяса Есенберлина: автореф. дис.. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.- Астана, 2001. 8-11 бб..

ОӘК 821.512.122-13.09

СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫНЫҢ АБАЙТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ